

ISSN 1811-1793

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТҰРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРИЯ



1'2011

ПМУ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ

Р.С. Ещанова, М.М. Мухамедова

С. Торайғырова атындағы Павлодар мемлекеттік университетті

Мемлекет орта және шағын бизнестің қалыптасуына және дамуына үлкен зейінді салып отыр. Шағын кәсіпкерлікті қолдау және жандандыру мақсаттарында Қазақстан Республикасы Президентімен 1997 жылдың наурызында жарлық шығарылған болатын, ол «Шағын кәсіпкерліктің даму Қоры» АҚ құрылуы үшін негіз болды.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» - ҚР Заңнамасымен тыйым салынған қызметтер түрлерін алып тастағанда, сауда, өндіріс, қызметтер және басқалар аясында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ҚР заңнамасына сәйкес орта және шағын кәсіпкерлік субъектілері шеңберінде қаржыландыру жүзеге асырылатын, бағдарлама.

Қордың негізгі функциялары болып табылады:

- шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдау мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруға және жасап шығаруға қатысу;

- жекелеген аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ерекшеліктері мен тауарлар мен қызметтер нарығындағы жағдайлардың тоғысуы, шағын кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарынан өз бетімен шыға келе, заңды тұлғаны құрмай жеке кәсіпкерлікті қоса, шағын кәсіпкерлік субъектілерін мақсатты несиелендіру;

- шағын кәсіпкерлік аясында және өзін-өзі жұмыспен қамту аясында жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу;

- екінші деңгейлі банкілерден олармен несиелерді алу үшін шағын кәсіпкерліктің субъектілері пайдасына гарантияларды ұсыну;

- бизнес-орталықтардың, шағын кәсіпкерліктің инкубаторларын, кеңес беретін, оқу-әдістемелік, лизингтік және шағын кәсіпкерлік сферасындағы басқадай нарықтық инфрақұрылымдардың дамуына жәрдемдесу;

Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген тәртіпте несиелендіру бағдарламаларына қатысу.

01.07.2010 ж. шағын және орта бизнестің белсенді субъектілері саны 2009 жылдың ұқсас кезеңінде 0,7% ұлғайды және 56376 бірлікті құрады.

Шағын және орта бизнес субъектілерімен байда өнімдерді шығару (тауарларды, қызметтерді) 2009 жылға 90,6 млрд. теңгені немесе 105,4% құрады.

Шағын және орта бизнесте жұмыс бастылар саны 2009 жылмен салыстырғанда 189589 адамды немесе 102,0% құрады.

Шағын және орта бизнес субъектілерінен салықтық түсімдер көлемі 2010 жылдың 5 айына (23 кейінгі 6 айға) 18,2 млрд. теңгені құрады, ол 2009 жылы 20,3 % немесе 3,1 млрд. теңгеге көп, соның қатарында берілген салық төлеушілер категориясының жергілікті бюджетіне 7,1 млрд. теңге аударылған, ал ол 2009 жылы 108,1 % немесе 535,0 млн. теңгені құрайды.

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ қаражаттарды ескертіп орналастыру бағдарламасы бойынша ағымдағы жылда қаржылық қолдау мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы (1,2,3 транш) шағын және орта бизнесінің субъектілерінің жобалары 3,4 млрд. теңгеге қаржыландырылған болатын.

«Бизнесінің жол картасы -2020» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде екінші деңгейдегі банктермен 10,3 млрд. теңге соммасында несиелер бойынша 63 кәсіпкердің өтінімі қарауға алынды, соның қатарында 1 бағыт бойынша - 528,0 млн. теңге соммасында 5 өтінім, 2 бағыт бойынша - 8,7 млрд. теңге соммасындағы несиелер бойынша 56 өтінім (5 өтінім несиегерлер комитетіне жіберілді), 3 бағыт бойынша - 1,1 млрд. теңге соммасындағы несиелер бойынша 2 өтінім (1 өтінім РКС қарауға берілді).

«Ауылшаруашылықты қаржылық қолдау Қоры» АҚ ВК филиалымен өткен жылдың 1 жарты жылдығында 33,3 млн. теңге соммасында микронесиелер берілді, с.к. облыстық бюджет қаражаттарынан ауылдағы шағын және орта бизнесіне несиелендіру бағдарламасы бойынша 2,0 млн. теңге.

«Продкорпорация» АҚ өкілдігі арқылы көктемгі далалық жинақтау жұмыстарына 173,4 млн. теңге бөлінген.

«Казагрофинанс» АҚ филиалымен ауылшаруашылық техниканы, өндейтін жабдықтарды сатып алуға және инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 3004,3 млн. теңге бағытталған, соның қатарында қаржылық лизинг бойынша 495,3 млн. теңге, инвестициялық жобалар бойынша 2509,0 млн. теңге.

Аймақтың қалалары мен аудандарында несиелік серіктестіктер жұмыс атқарады, оларға 50,5 млн. теңге соммасында несиелер берілген.

Шағын кәсіпкерлік үшін несиелер көздері қаражаттарын ұсыну көлемі бойынша негізгі болып екінші деңгейлі банктер болып табылады. Өткен жылы (5 айдың ішінде) олармен шағын бизнес субъектілеріне 14,0 млрд. теңге берілді, ал ол өткен жылдың көрсеткішіне 89,7 % құрайды.

Кәсіпкерлерді өндірістік бөлмелермен қамтамасыз ету үшін мүліктік қолдау мақсатында мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын және бос тұрған объектілерін сенімді басқару және ақысыз жалға беру жүргізіліп жатыр. Ағымдағы жылда сеніммен басқаруға 4 объект, 1 меншікке берілді.

Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мақсатында 566 жер учаскілері ұсынылды, бөлмелерді қайта жоспарлауға 84 рұқсат берілді.

Шағын бизнес кәсіпорындарынан тауарлар мен қызметтерді сатып алу мақсатында мемлекеттік сатып алулар бойынша облыста жүргізілетін конкурстарға шағын кәсіпкерліктің субъектілерінің қатысуы қамтамасыз

етіледі, субъектілердің берілген категориясында олардың көлемі 11,3 млрд. теңгені немесе оның жалпы көлемінен 41,2 % құрады.

Хаттамалық тапсырмаларды орындау үшін әкімшілік кедергілерді жою бойынша Республикалық жұмыс тобының мәжілісі және әр облыстық және аумақтық мемлекеттік органдардағы әкімшілік кедергілерді жою бойынша жүргізіліп отырған жұмыс шекарасында рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру бойынша Жұмыс топтары құрылған. Олардың құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа бизнес бірлестіктің өкілдері қосылған (Қазақстан кәсіпкерлері Форумы, кәсіби құрылысшылардың аумақтық қауымдастығы, жарнама өндірушілері, көлік, тәуелсіз эксперттер және басқалар).

Рұқсат беретін жүйені оңтайландыру бойынша орган болып облыс әкімі өкімімен (№ 1-31ө 05.02.2009 ж.) құрылған әкімшілік кедергілерді жою бойынша облыстық жұмыс тобы анықталынған. Құрамына мүдделі облыстық мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктері енеді.

Төменге қарай шағын және орта бизнесті қолдау әдістері келтірілген.

Бизнес-инкубаторлар – бизнеспен бірлесіп жүретін, қызметтер мен кеңселік қызмет көрсету, шаруашылық қызметті жүргізу үшін өндірістік, кеңселік және басқадай үйлерді ұсыну жолымен жаңа ғана жұмыс бастап келе жатқан кәсіпкерлерді қолдауға бағытталатын, ұйымдастырылған шаруашылық кешендердің формаларының бірі (орталықтандырылған бухгалтерия, шағын кәсіпкерліктің адвокатурасы, кәсіпкерлер үшін білікті кадрларды даярлау).

Бизнес-инкубаторлар технопарктер құрамында, сол сияқты техноорталықтардың және басқалардың құрамында тәуелсіз құрылымдар ретінде әрекет ете алады.

Өнеркәсіптік аймақтар өзімен, көптеген бөлшектенген шағын кәсіпорындардың біртұтас өндірістік аймақта орналасуы мен жұмыс атқаруын көрсетеді («бір шатыр астында»).

Өнеркәсіптік аймақтардың негізгі мақсаттары – бұл шағын кәсіпкерліктің дамуын және отандық тауар өндірісінің дамуын активтендіру, кәсіпкерлерге көмек көрсету және қолдау, әсіресе олардың қызметінің алғашқы кезеңдерінде. Өнеркәсіптік аймақты ұйымдастыру заңды бизнесті құруға мүмкіндік береді, олардың тұрақты жұмыс атқаруы үшін экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарды құрады.

Өнеркәсіптік аймақтардың міндеттері:

- әрекет ететін шағын кәсіпкерліктердің санын ұлғайту;
- тұрғындардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету және жұмыссыздық деңгейін төмендету;
- бәсекеге қабілетті импортты ауыстырушы өнімді өндіру;
- өнеркәсіптік аймақтың бүкіл кешені қызметімен және ұйымдастырылуымен байланысты басқа да сұрақтарды шешу, онда орналасқан ШОК-жалға алушыларының табысты жұмыс атқаруы үшін қолайлы жағдайларды құру.

Технопарктер – бұл технопарк территориясында орналасып жатқан шағын инновациялық кәсіпорындарды дамыту және құру арқылы жасалып шығарылған технологияларды коммерциализация үшін осы ЖОМ әлеуетін пайдалану мақсатында ғылыми-зерттеу институттарының базасында немесе негізінен жоғары оқу орындарының базасында құрылатын, құрылымдар. Көбінесе технопарктер ірі университеттік орталықтарда құрылады.

Технопарктер мен технополистерді құру мақсаты болып экономикалық, құқықтық және әлеуметтік қатынастарды, өндірістік қызметті жетілдіруге бағытталған, ғылыми зерттелімдердің және жасаулардың нәтижелерін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, елдің инновациялық инфрақұрылымының бөлігі болып табылады.

Технопарктер мен технополистер қызметтерінің міндеттері:

- отандық және әлемдік ғылыми-техникалық үдерістің алдыңғы қатардағы жетістіктерін өндіріске енгізу;
- жаңа инновациялық өндірістерді құруға жәрдемдесу;
- инновациялық өндірістерді және ғылыми-техникалық зерттелімдерді инвестициялау;
- ГТТ жәрдемдесетін, идеяларды жасап шығару және қалыптастыру;
- инновациялық кәсіпорындарға отандық және шетел инвестицияларын тарту үшін инфрақұрылымды және қолайлы жағдайларды жасау;
- ғылыми-техникалық кадрларды даярлау және қайта даярлау бағыттарын жылдам қайта бағыттауға жәрдемдесу;
- ғылыми зерттелімдердің нәтижелерін коммерциялайтын, шағын инновациялық кәсіпорындар мүддесіне қарай құрылатын, инновациялық инфрақұрылымды дамыту және қалыптастыру;
- ғылыми-зерттемелік, тәжірбиелі-конструкторлық, білім ұйымдары және кәсіпкерлік орта өкілдерінің күштерін біріктіру;
- экономика, менеджмент, маркетинг сферасында кәсіпкерлерді даярлау және оқыту, олардың кәсіби, құқықтық, экономикалық және басқарушылық білімдерін көтеру;
- ғылыми және технологиялық ақпаратты тарату;
- инновациялық кәсіпкерлікті құруда және дамытуда материалды-техникалық көмекті көрсету;
- инновациялық кәсіпкерлік өкілдеріне маркетингтік, кеңес берушілік, және басқарушылық қызметтерді көрсету;
- инновациялық өнімге деген мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша тендерлерге қатысу.

Шағын кәсіпкерліктің субъектілері үшін орталықтандырылған бухгалтерия мен заң қызметінің қызметтерін пайдалану оларды штаттағы қызметкерлер ретінде тартпай-ақ білікті мамандардың көмегін алуға, сондай-ақ уақытты және еңбек шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді.

Құрудың бірінші кезеңінде шағын кәсіпкерліктің субъектілері бірқатар проблемалармен қақтығысады: жеке кәсіпкердің куәлігін қалай алу керек, қандай салық режимін таңдап алу керек, қаржыландыру сұрақтары бойынша қайда бару керек. Сондықтан осы кезеңдегі үлкен роль консалтингтік компанияларға итеріледі.

Қазіргі уақытта консалтингтік компаниялар келесі бағыттар бойынша ШОК қызметтерін көрсетеді:

- құқықтық қамтамасыз ету;
- аудит және бухгалтерия;
- маркетингтік зерттеулер;
- бизнес-жоспарлау;
- салық заңнамасы;
- кеден рәсімдері және т.б.

Микроңсиелендіру – жақсылау қамтамасыз етілген азаматтардың өзін-өзі жұмыспен қамтуы және кәсіпкерлікті дамытуы үшін жағдайларды құруға бағытталған, ңсиелендіру формаларының бірі. Микроңсиелендірудің соңғы мақсаты болып берілген аймақтағы кедейлік деңгейін төмендету табылады.

Коммерциялық емес микроңсие ұйымы шағын кәсіпкерліктің субъектілері болатын және оларға қаржылық көмекті көрсету үшін жеке және заңды тұлғалардың қызметін ынталандыруға бағытталған, тек қана міндеттерді қамтамасыз ету мақсаттарына ғана құрылады.

Қаражаттарды мақсатқа сай пайдалану бойынша микроңсиелендіру бағытталған:

- төмен табысы бар азаматтардың өзін-өзі қамтуын қамтамасыз ету;
- кәсіпкерліктің дамуы үшін жағдайлар құру.

2003 жыл аяғындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік статистикалық регистрінде 72 микроңсие ұйымы тіркелген. Олардың тек 5 микроңсие ұйымы ғана шағын қалаларда және 7 микроңсие ұйымы – ауыл территорияларында тіркелген.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының территориясында шағын және орта бизнестің қазақстандық субъектілеріне ресурстық, әдістемелік, және ақпараттық қолдауды көрсететін, 150 аккредитивтік шетел және халықаралық ұйымдар әрекет етеді.


Берілген ұйымның қызығушылықтар сферасы өте кең, олар тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған топтарымен жұмыс жасайтын, қоғамдық бірлестіктерді қолдауды, қолданбалы және терең ғылыми зерттеулер аясындағы халықаралық жобаларға қатысу, берілген аймақтың экологиялық проблемаларын шешу, шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту және т.б. қамтиды.

Лизинг – инвестициялық қызметтің түрі, Лизинг беруші (лизингтік компания, банк және т.б.) Лизинг алушымен (заңды тұлға немесе жеке

кәсіпкер) көрсетілген мүлікті сатушыдан өзіне сатып алып Лизинг алушыға осы мүлікті ақылы түрде кәсіпкерлік мақсаттар үшін уақытша иелікке және пайдалануға

Жеңілдікті кәсіпкерлік (franchise operation) — бұл кәсіпорын-оператор (franchisee) және франчайзер (franchisor) арасындағы келісімшарттық қарым-қатынастар, оның шекарасында франчайзер ноу-хау және оқыту сияқты кәсіпорынның жұмыс атқару аясын қолдауға міндеттеледі немесе ұсынады; бұл ретте франчайзер, ол және оларды қадағалайды, иегері болып табылатын, технологияны және жалпы сауда маркасын пайдалана отырып, оператор істі жүргізеді.

1-ші суретте Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қолдау көрсетілген.



1 - сурет – Шағын және орта бизнесті қолдау әдістері

ЛИТЕРАТУРА

1. Кашкин, В.В. Проблемы кредитования малого и среднего бизнеса [Текст] / В.В. Кашкин // Банковское дело. – 2010. – № 4. – С. 36-42.

2. Лаврушин, О.И. Банковское дело: современная система кредитования [Текст]: учебное пособие / О.И. Лаврушин, О.Н. Афанасьева, С.Л. Корниенко. – М. : КНОРУС, 2007. – 264 с.

Резюме

В данной статье рассмотрены становление и развитие малого и среднего бизнеса, а также основные функции и способы поддержки малого и среднего бизнеса.

Resume

In this article considered becoming and development of small and middle business, and also basic functions and methods of support of small and middle business.